

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің автомобиль жолдарымен мемлекетаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарының салмақтары мен көлемдері жөніндегі келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 17 қаңтар N 32

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 4 маусымда Минск қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің автомобиль жолдармен мемлекетаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарының салмақтары мен көлемдері жөніндегі келісім (бұдан әрі - Келісім) қол қою кезінде енгізілген ескертулерсіз бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Келісімге Қазақстан Республикасының ескертулерін алу туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетін хабардар етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастан күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің автомобиль жолдарымен мемлекетаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарының салмақтары және көлемдері жөніндегі

КЕЛІСІМ

Ресми расталған мәтін

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімнің Үкімет тұлғасындағы қ а т ы с у ш ы - м е м л е к е т т е р і

- автомобиль жолдарының технологиялық біртұтастығын сақтауға және автомобиль көлігі арқылы тауарлар мен қызметтердің еркін өтуі үшін жағдай жасауға, осы Келісімнің қатысушы-мемлекеттерінің автомобиль жолдарымен мемлекетаралық тасымалдардың тиімділігін арттыруға ұмтыла отырып;

- автомобиль жолдарының бұзылмай сақталуын және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын ұғына отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай терминдер пайдаланылды:

"көлік құралы" - автомобиль жолдарымен жүктерді немесе жолаушыларды не сонда орнатылған жабдықтарды тасымалдауға арналған құрылғы;

"жүк автомобилі" - автомобиль жолдары арқылы жүк тасымалдауға арналған механикалық жетекті көлік құралы;

"тартқыш" - дербес қозғалтқышпен жабдықталған және тікелей немесе көбінесе тіркемені не жартылай тіркемені жетекке алуға арналған көлік құралы;

"тіркеме" - тартқыш немесе жүк автомобилі арқылы жетекке алу жолымен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралы;

"жартылай тіркеме" - жүктерді тасымалдау үшін арнайы жабдықталған көлік құралы, ол тартқышқа мынадай тәсілмен біріктіріледі: осы көлік құралының бір бөлігі тікелей тартқышқа орналасады да, салмағының үлкен бөлігін тартқышқа аударады;

"автопоезд" - жүк автомобилі мен тіркемеден (тіркемелі автопоезд), тартқыш пен жартылай тіркемеден (ершікті автопоезд) тұратын құрастырылған көлік құралы;

"автобус" - жолаушылар мен теңдеме жүкті тасымалдауға арналған, жүргізушіні санамағанда, 8 орыннан астам отырғышы бар көлік құралы;

"жалғамалы автобус" - екі немесе одан да көп берік секциялардан тұратын автобус, олар өзара топсылар арқылы жалғастырылады және әр секцияның жолаушыларға арналған өз салоны болады, жолаушылар салондарға емін-еркін қатынай алады;

"құрастырылған көлік құралы" - тіркеме немесе жартылай тіркеме арқылы біріктірілген автомобильден тұратын көлік құралдарының құрастырылымы;

"көлік құралының ең жоғары ұзындығы" - көлік құралының 1-қосымшада көрсетілген белгілерден аспайтын ұзындығы;

"көлік құралының ең жоғары биіктігі" - көлік құралының 1-қосымшада көрсетілген белгілерден аспайтын биіктігі;

"көлік құралының ең жоғары ені (жалпақтығы)" - көлік құралының 1-қосымшада көрсеткен белгілер шегінен аспайтын ені;

"көлік құралының ең жоғары салмағы" - көлік құралының 2-қосымшада көрсетілген белгілер шегінен аспайтын жүк тиелген немесе жүксіз салмағы;

"ең жоғары біліктік салмақ" - көлік құралының автомобиль жолының үстіңгі қабатына білігі арқылы берілетін салмақ, оның көлемі 3-қосымшада көрсетілген көлемнен аспауы тиіс;

"бөлінбейтін жүк" - автомобиль жолымен тасымалдау тұсында шектен тыс көп шығын жұмсаусыз немесе оның бұзылу қаупінсіз екі немесе одан астам бөлікке бөлінбейтін жүк;

"әуе аспасы" - амортизациялау әсері кемінде 75% қамтамасыз ететін, амортизациялаушы элементі ауа болып табылатын аспа жүйесі;

"арнаулы рұқсат қағаз" - 1, 2, 3-қосымшаларда көрсетілген белгілер шамасынан ең жоғары көлемдері, салмағы мен біліктік жүктемесі асатын жүктерді тасымалдауға көлік құралына берілетін бір жолғы рұқсат қағаз.

2-бап

Осы Келісім арқылы қамтылған көлік құралдарының ең жоғары көлемдері мен салмақтары және біліктік салмақтары (1, 2, 3-қосымшалар) аталмыш Келісімнің қатысушы-мемлекеттері автомобиль жолдары үшін белгіленген, осы жолдармен ТМД халықаралық автомобиль жолдарын қосқанда, мемлекетаралық және транзиттік тасымалдар жүзеге асырылады. Жергілікті автомобиль жолдарында Тараптар көлік құралдарының шекті мөлшерлері мен транзиттік тасымалдар жүзеге асырылады. Жергілікті автомобиль жолдарында Тараптар көлік құралдарының шекті мөлшерлері мен ұйғарымды салмаққа басқаша талаптар белгілей алады, әрі осы шек қоюлар осындай шек қоюды белгілеген Тараптың көлік құралдары және басқа Тараптардың көлік құралдары үшін тең дәрежеде қолданылады. Тараптар өзге Тараптардың тасымалдаушыларын жергілікті автомобиль жолдары үшін белгіленген басқа талаптар жайлы хабардар етеді.

3-бап

Тараптардың құзыретті органдары жекелеген автомобиль жолдарына көлік құралдарының салмағы мен көлемдері бойынша шек қоюларды енгізу тұсында осы шек қоюларды тиісті жол белгілерімен таңбалауы тиіс.

4-бап

Тараптар өз аумақтары арқылы арнаулы рұқсатсыз, соның ішінде транзит арқылы да ең жоғары көлемдері, көлік құралдарының салмақтары мен біліктік жүктемелері 1, 2, 3-қосымшаларда көрсетілген белгілер шамасынан аспайтын көлік құралдарын өткізе беруге міндеттенеді.

5-бап

Өлшемдік желілік параметрлерінің кем дегенде біреуі 1-қосымшада көрсетілген белгілерден артық болатын көлік құралдары көлемсіз болып саналады.

Ең жоғары салмағы және/немесе біліктік салмағы 2- және 3-қосымшаларда көрсетілген белгілерден асатын көлік құралдары ауыр салмақты болып саналады.

6-бап

Көлемсіз және ауыр салмақты көлік құралдары Тараптар аумақтарына тек арнаулы рұқсат болғанда ғана өткізіледі, ол рұқсатты Тараптардың құзыретті органдары береді, олар тек осы арнаулы рұқсатта көрсетілген нақты белгіленген бағдар бойынша ғана қ о з ғ а л ы с ж а с а й д ы .

Өз аумақтары бойынша көлемсіз және ауыр салмақты жүктерге арнаулы рұқсат беру үшін Тараптар ұлттық нормативтік құқықтық актілер арқылы қамтылған мөлшерде төлем белгілей алады. Тараптар осы төлемдердің мөлшерін жақындастыруға ұмтылатын болады.

7-бап

Осы Келісім арқылы белгіленетін көлік құралдарының ең жоғары көлемдері мен басқа да желілік параметрлері, көлік құралдарының ең жоғары салмақтары және ең жоғары біліктік салмақтары, қолданыстағы автомобиль жолдары бойынша кедергісіз

және бақылаусыз өту мүмкіндіктеріне сүйене отырып, көлік құралдарының көлемдері мен салмақтарына оқшауланған талаптар ретінде сақталынады. Бұл шектеулердің көлік құралдары өндірісінің стандарттары мен талаптарына қатысы жоқ, олар басқа келісімдер арқылы белгіленеді.

8-бап

Автомобиль жолдарымен қозғалыс тұсында Тараптар арқылы белгіленген көлемсіз және ауыр салмақты көлік құралдары қозғалысының тәртібі мен ережелерін реттейтін талаптар сақталынуы тиіс. Осы мәселе бойынша Тараптар арқылы қабылданатын нормативтік-құқықтық актілер аталмыш Келісімнің ережелерін ескеруі тиіс.

9-бап

Тараптар ауа райы жайсыздығы немесе автомобиль жолдарының техникалық жағдайының нашарлауына байланысты жекелеген автомобиль жолдарында немесе автомобиль жолдарының телімдерінде көлік құралдарының көлемдеріне немесе салмақтарына уақытша шек қоюды негізге алады, ол үшін өзге Тараптардың тасымалдаушыларын осы шектеулердің енгізілуі және олардың мерзімі жөнінде уақытында хабардар етеді, сондай-ақ айналып өтудің мүмкін жолдарын көрсетеді.

10-бап

Көлік құралы тіркелген Тарап оны тиісті құжаттармен қамтамасыз етеді, көлемдер мен салмақтар бойынша осы Келісімде қамтылған шек қоюларды бақылауды қамтамасыз ету үшін құжатта аталмыш көлік құралының негізгі техникалық с и п а т т а м а с ы м а з м ұ н д а л а д ы .

Көлемсіз және ауыр салмақты арнаулы рұқсатнамаларды рәсімдеу үшін қажетті құжаттар мен рәсімдерді сәйкестендіру мақсатында Тараптар барлық қажетті шараларды қабылдайды.

11-бап

Тараптардың кез келгені өздерінің өкілетті органдары арқылы көлік құралдарының тіркелген орнына қарамастан, олардың көлемдері мен салмақтарына бақылау жасауды жүзеге асыруға және тәртіп бұзушыларға ұлттық заңдарда ескерілген шараларды қолдануға құқылы.

12-бап

Тасымалдауды жүзеге асыру тұсында Тараптар көлік құралдарының салмақтары мен көлемдерін осы Келісімде белгіленген шектерден асырмауға ұмтылуға тиіс. Бұл талап бөлінбейтін жүктерді тасымалдауға тарамайды және олардың рұқсатнамасы арнаулы рұқсат қағазын рәсімдеу арқылы жүзеге асырылады.

13-бап

Тараптар осы Келісім қосымшаларында көрсетілген көлік құралдарының көлемдері мен салмақтарын өлшеу әдістерін сәйкестендіруге ұмтылады.

14-бап

Тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің халықаралық автомобиль жолдары жүйесіне кіретін, осы Келісімінің қатысушы-мемлекеттері автомобиль жолдарының, осы Келісім арқылы белгіленген ең жоғары көлемдер мен салмақта көлік құралдарының өткізілу талаптарына толық жауап беруі үшін шаралар қабылдайды.

15-бап

Аталмыш Келісім басқа, бұрын қол қойылған, өздері қатысушы болып табылатын халықаралық келісім-шарттар мен келісімдерден, соның ішінде Тараптар арасында жасалған және басқа халықаралық келісім-шарт жасасуға кедергі келтірмейтін құжаттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

16-бап

Осы Келісімге Тараптардың ортақ келісімімен хаттамалармен рәсімделетін өзгерістер және қосымшалар енгізілуі мүмкін.

17-бап

Осы Келісімнің қолданылуына немесе түсіндірілуіне байланысты даулы мәселелер консультациялар немесе мүдделі Тараптардың келіссөздері арқылы шешіледі.

18-бап

Осы Келісім қол қоюшы Тараптар арқылы қажетті барлық мемлекетішілік рәсімдердің орындалуы жөнінде депозитарийге үшінші хабарламаны сақтауға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

Қажетті рәсімдерді кейінірек орындаған Тараптар үшін ол депозитарийге тиісті құжаттарды сақтауға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

19-бап

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап 5 жыл мерзімге қолданылады. Осы мерзім аяқталған бойда, егер Тараптар басқа шешім қабылдаса, онда Келісім әр жолы келесі бес жыл мерзімге өздігінен созылып отырады.

20-бап

Тараптардың әрқайсысы депозитарийге шығуынан кемінде 6 ай бұрын жазбаша хабарлама жолдау арқылы осы Келісімнен шыға алады.

21-бап

Осы Келісім оның мақсаттары мен қағидаларын бөлісетін мемлекеттердің қосылуына қашан да ашық, ол үшін барлық Тараптардың келісімімен осындай қосылу жөнінде депозитарийге құжаттар табыс етілуі тиіс.

Қосылу депозитарий арқылы осындай қосылуға келісу жөнінде соңғы хабарлама алынған күннен бастап күшіне енген болып саналады.

Минск қаласында 1999 жылдың 4 маусымында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару Комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған мемлекеттердің әрқайсысына Келісімнің расталған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан	Республикасының	Үкіметі	үшін
Армения	Республикасының	Үкіметі	үшін
Беларусь	Республикасының	Үкіметі	үшін
	Грузияның	Үкіметі	үшін
Қазақстан	Республикасының	Үкіметі	үшін
Қырғыз	Республикасының	Үкіметі	үшін
Молдова	Республикасының	Үкіметі	үшін
Ресей	Федерациясының	Үкіметі	үшін
Тәжікстан	Республикасының	Үкіметі	үшін
	Түркіменстанның	Үкіметі	үшін
Өзбекстан	Республикасының	Үкіметі	үшін

Украинаның Үкіметі үшін

1-қосымша

Көлік құралдарының ең жоғары көлемдері мен басқа да желілік параметрлері

1. Көлік құралдарының ең жоғары көлемдері Келісімнің 4-бабы ережелерін есепке ала отырып, төмендегі белгілерден аспауы тиіс:

- 1.1 Ең жоғары ұзындық:
- жүк автомобилінің - 12,00 м
 - автобустың - 12,00 м
 - тіркеменің - 12,00 м
 - жалғамалы көлік құралының - 12,00 м
 - жалғамалы автобустың - 18,00 м
 - автопоездің - 20,00 м
- 1.2. Ең жалпақ ені:
- барлық көлік құралдарының - 2,55 м
 - көлік құралдарының изометриялық шанақтарының (кузовтарының) - 2,60 м

1.3. Ең жоғары биіктік: - 4,00 м

2. Көлік құралдарының осы қосымшаның 1-тармағында көрсеткен ең жоғары көлемдері, контейнерлерді қоса есептегенде, алынбалы шанақтар мен жүктерге арналған ыдыстардың көлемдерін қосады.

3. Кез келген көлік құралы қозғалыс тұсында мына кеңістік ауқымында бұрылу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс, сырты радиус - 12,50 м және ішкі радиус - 5,30 м.

4. Тіркеу құрылғысының тиек (іلمек) білігі мен құрастырылған көлік құралының артқы бөлігінің ең үлкен аралығы 12,00 м-ден аспауы тиіс.

5. Автопоездың бойлық білігіне параллель өлшенген ең үлкен арақашықтық шанақтың алдыңғы сыртқы нүктесі немесе кабина артындағы жүк тиеуге арналған тұғырнама мен тіркеменің артқы сыртқы нүктесіне дейін, тартқыштың артқы бөлігі және тіркеменің алдыңғы бөлігі арасындағы қашықтықты шегергенде, 17,0 м-ден

6. Автопоездың бойлық білігіне параллель өлшеген ең үлкен қашықтық шанақтың алдыңғы сыртқы нүктесі немесе кабинаның артындағы жүк тиеуге арналған тұғырнама мен жартылай тіркеменің сыртқы артқы нүктесіне дейінгі аралық 16,40 м-ден аспауы тиіс .

7. Көлік құралына шанағына жайғастырылған жүк автомобильдің немесе тіркеменің сыртқы артқы нүктесінен 2,00 артық шығып тұрмауы тиіс.

8. Жүк автомобилінің артқы білігі мен тіркеменің алдыңғы білігінің арасындағы қашықтық 3,00 м-ден кем болмауы тиіс.

9. Жартылай тіркеменің топсамен бекітілген білігі мен жартылай тіркеменің алдыңғы бөлігінің кез келген нүктесінің арасындағы көлденең өлшенген ұзындық 2,04 м - д е н а с п а у ы т и і с .

10. Көлік құралының ұзындығы ISO 612-1978 стандартының 6.1. тармағына сәйкес өлшенуі тиіс. Бұл орайда ұзындықты өлшеу тұсында көлік құралдарына құрастырылған мына құрылғылар есепке алынбайды:

- әйнектерді (терезе шыныларын) тазалауға арналған құрылғылар және су б ү р і к к і ш т е р ;
- қарсы алдыңғы және бүйірлік таңбалаушы пластинкалар (тілікшелер);
- пломбы салуға арналған құрылғылар және олардың қорғаныш бұйымдары;
- брезент бекітуге арналған құрылғылар және олардың қорғаныш бұйымдары;
- электр жарығына арналған жабдық;
- артқы жақты шолу айналары және автомобильдің соңынан шолуға арналған б ұ й ы м д а р ;
- а у а с у т ү т і к ш е л е р і ;
- қақпақшалар және тіркемелерден немесе алынбалы шанақтармен қосуға арналған а ж ы р а т қ ы ш т а р д ы ң ұ з ы н д ы ғ ы ;
- шанаққа шығуға арналған басқыштар, қосалқы автопокрышкаға арналған көтергіш ;
- көтергіш тұғырнамалар (платформы), шығарушы басқыштар және басқа да осындай жабдықтар, жұмыс үстіндегі жағдайда 200 мм-ден аспауы тиіс және олар былайша орындалуы керек: автомобильге жүк тиеудің шекті салмағы дайындаушы белгілеген салмақтан аспауы шарт.

11. Көлік құралының биіктігі ISO 612-1978 стандартының 6.3. тармағына сәйкес өлшенуі тиіс. Әрі биіктікті өлшеу тұсында көлік құралына орнатылған антенналар тік тұрғандағы пантографтар есепке алынбайды.

Білікті көтеруге арналған құрылғысы бар көлік құралдары үшін осы құрылғы ықпалының тиімділігі ескерілуі керек.

12. Көлік құралының ені ISO 612-1978 стандартының 6.2 тармағына сәйкес өлшенуі тиіс. Бұл орайда ендікті өлшеу тұсында көлік құралына қондырылған мына құрылғылар

е с е п к е

а л ы н б а й д ы :

- пломбылар, мөрлер үшін арналған құрылғылар және олардың қорғаныш бұйымдары ;
- брезент бекітуге арналған құрылғылар және олардың қорғаныш бұйымдары;
- автопокрышкарлардың зақымдалуын анықтауға арналған құрылғылар;
 - су бүріккіштердің шығыңқы бөліктері;
 - жарықтандыратын жабдық;
- басқыштар, аспалы тұғырнамалар (платформы), және басқа да осындай жабдықтар , олар жұмысқа қосылған жағдайда 10 мм-ден артық шықпауға тиіс, ілгері немесе кейін қараған басқыш бұрыштарының ең кемі 5 мм иілу радиусы болады, ал олардың жиектерінің иілу радиусы кемі 2,55 мм болады.
 - артқы жақты шолу айналары ;
 - шинадағы қысымдардың индикаторларын (көрсеткіштерін);
- көліктік қалыпта ішке тартылатын немесе жиналмалы басқыштар не сатылар;
- жолдың үстіңгі қабатымен жанасу нүктесінен шығып тұратын автопокрышка сыртының майысқан бөлігі.

2-қосымша

Көлік құралдарының ең жоғары салмақтары

1. Көлік құралдарының ең жоғары салмақтары төменде келтірілген белгілерден а с п а у ы т и і с :

1.1. Жүк автомобильдері:

- қос білікті автомобиль - 18 т
- үш білікті автомобиль - 24 т
 - қос жұп доңғалақтан тұратын, ауа немесе соған ұқсас (баламалы) салпыншақпен (аспа) жабдықталған жетекші білікті үш білікті автомобиль - 25 т
 - қос жетекші білікті төрт білікті автомобиль, олардың әрқайсысы қос жұп доңғалақтан тұрады және олардың әрқайсысы қос жұп доңғалақтан тұрады және олардың ауа немесе соған баламалы (ұқсас) салпыншағы бар - 32 т

1.2. Құрастырылған көлік құралының бір бөлігін құрайтын көлік құралдары:

- қос биікті тіркеме - 18 т
- үш білікті тіркеме - 24 т

1.3. Құрастырылған көлік құралдары

*1.3.1. отырғышты автопоездар:

* 1.3.1.1. Өзбекстан Республикасы аумағында мемлекетаралық тасымалдарды жүзеге асыратын (орындайтын) автокөлік құралдар үшін:

Отырғышты автопоездар:

- дара білікті тіркемелі қос білікті тартқыш - 28 т
- жартылай тіркеменің біліктерінің арасындағы арақашықтық 1,3 және одан да көп, бірақ 1,8 м-ден артық емес қос білікті жартылай тіркемелі қос білікті тартқыш - 36 т
- жартылай тіркеменің біліктерінің арасындағы арақашықтық 1,8 м-ден артық қос білікті жартылай тіркемелі қос білікті тартқыш - 40 т
- үш білікті жартылай тіркемелі қос білікті тартқыш - 40 т
- қос білікті жартылай тіркемелі үш білікті тартқыш - 40 т
- үш білікті жартылай тіркемелі үш білікті тартқыш - 40 т

* 1.3.1.2. Қазақстан Республикасы аумағында мемлекетаралық тасымалдарды жүзеге асыратын автокөліктік құралдар және осы келісімнің басқа қатысушы-мемлекеттерінің аумақтары бойынша мемлекетаралық тасымалдарды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының автокөліктік құралдары үшін:

- көлік құралының ең жоғары салмағы - 36 т
- жартылай тіркеменің біліктерінің арасындағы қашықтық 1,3 және одан да көп, бірақ 1,8 м-ден артық емес қос білікті жартылай тіркемелі қос білікті тартқыш - 36 т
- жартылай тіркемелі біліктерінің арасындағы арақашықтық 1,8 м-ден асатын қос білікті жартылай тіркемелі тартқыш - 38 т
- үш білікті жартылай тіркемелі қос білікті тартқыш - 38 т
- қос білікті жартылай тіркемелі үш білікті тартқыш - 38 т
- үш білікті жартылай тіркемелі үш білікті тартқыш - 38 т

Осы қосымшаның 1.3.1. (б) тармағы бойынша 18 тонналық жүк автомобилі мен 20 тонналық жартылай тіркеме үшін, егер көлік құралының қосарланған қос доңғалақтан тұратын және ауа немесе соған баламалы (ұқсас) салпыншақпен жабдықталған жетекші білігі болса, онда ең жоғары салмақ 2 тоннаға көбейтіле алады.

****1.3.2. Тіркемелі автопоездар:**

- қос білікті тіркемелі қос білікті жүк автомобилі - 36 т
- үш білікті тіркемелі қос білікті жүк автомобилі - 42 т
- қос білікті тіркемелі үш білікті жүк автомобилі - 42 т
- үш білікті тіркемелі үш білікті жүк автомобилі - 44 т
- төрт білікті тіркемелі үш білікті жүк автомобилі - 44 т

1.4. Автобустар:

- қос білікті - 18 т
- үш білікті - 24 т
- үш білікті топсалы жалғамалы - 28 т
- төрт білікті топсалы жалғамалы - 28 т

**1.3.2.1. Беларусь Республикасы аумағы бойынша мемлекетаралық тасымалдарды іске асыратын автокөліктік құралдар және осы келісімнің басқа да қатысушы-мемлекеттерінің аумақтары бойынша мемлекетаралық тасымалдарды іске асыратын Беларусь Республикасының автокөліктік құралдары үшін:

Тіркемелі автопоездар:

- қос білікті тіркемелі қос білікті жүк автомобилі - 36 т
- басқа автопоездар - 33 т

3-қосымша

К ө л і к к ұ р а л д а р ы н ы ң ең жоғары біліктік салмақтары***

Көлік құралдарының ең жоғары біліктік салмағы төменде келтірілген белгілерден аспауы тиіс:

1.1 Дара білік үшін:

- жетектегі - 10,00 т
- қос шиыршықты доңғалақты жетекші - 10,00 т

1.2. Қосарлы біліктер, қос шиыршықты тіркемелер немесе жартылай тіркемелер үшін біліктілік салмақтардың жиынтығы, біліктер арасындағы мына арақашықтықтарда төмендегі салмақтардан аспауы тиіс:

- 0,5 м-ден артық, бірақ 1 м-ден кем - 12,0 т
- 1 м-ден 1,3 м-ге дейін - 14,0 т
- 1,3 м-ден 1,8 м-ге дейін - 16,0 т
- тең немесе 1,8 м-ден артық - 18,0 т

1.3. Қосарлы біліктер, дара шиыршықты доңғалақты тіркемелер немесе жартылай тіркемелер үшін біліктік салмақтар жиынтығы, біліктер арасындағы мына арақашықтықтарда төмендегі салмақтардан аспауы тиіс:

- 0,5 м-ден 1 м-ге дейін - 11,0 т
- 1 м-ден 1,3 м-ге дейін - 13,0 т

- 1,3 м-ден 1,8 м-де дейін - 15,0 т
- тең немесе 1,8 м-ден артық - 17,0 т

1.4. Үш білікті біліктер, қос шиыршықты доңғалақты тіркемелер немесе жартылай тіркемелер үшін біліктік салмақтардың жиынтығы біліктер арасындағы мына арақашықтықтарда төмендегі салмақтардан аспауы тиіс:

- 0,5 м-ден 1 м-ге дейін - 16,5 т
- 1 м-ден 1,3 м-ге дейін - 19,5 т
- 1,3 м-ден 1,8 м-де дейін - 22,5 т
- тең немесе 1,8 м-ден артық - 25,5 т

1.5. Үш білікті біліктер, дара шиыршықты доңғалақты тіркемелер немесе жартылай тіркемелер үшін біліктер арасындағы мына арақашықтықтар тұсында:

- 0,5 м-ден 1 м-ге дейін - 15,0 т
- 1 м-ден 1,3 м-ге дейін - 18,0 т
- 1,3 м-ден 1,8 м-де дейін - 21,0 т
- тең немесе 1,8 м-ден артық - 24,0 т

Жүк автомобилінің қосарланған жетекші біліктері немесе қос шиыршықты доңғалақты автобус үшін біліктілік салмақтардың жиынтығы біліктер арасындағы төмендегі арақашықтықтар тұсында мына салмақтардан аспауы тиіс:

- 0,5 м-ден 1 м-ге дейін - 12,0 т
- 1 м-ден 1,3 м-ге дейін - 14,0 т
- 1,3 м-ден 1,8 м-де дейін - 16,0 т
- тең немесе 1,8 м-ден артық - 18,0 т

- дәл сондай немесе соған баламалы салпыншаққа бекітілу тұсында - 19,0 т

1.7. Жүк автомобилінің қосарлы жетекші біліктері немесе дара шиыршықты доңғалақты автобус үшін біліктік салмақ жиынтығы біліктер арасындағы мына арақашықтықтар тұсында төмендегі салмақтардан аспауы тиіс:

- 1 м-ге дейін - 11,0 т
- 1 м-ден 1,3 м-ге дейін - 13,0 т
- 1,3 м-ден 1,8 м-ге дейін - 15,0 т

2. Автомобильдің немесе құрастырылған көлік құралының жетекші біліктеріне берілетін салмақ автомобильдің немесе көлік құралының жиынтық салмағының 25%-нан кем болмауы тиіс.

 ***Қазақстан Республикасының аумағы бойынша мемлекетаралық тасымалдарды іске асыратын автокөліктік құралдар және осы Келісімнің басқа қатысушы-мемлекеттерінің аумақтары бойынша мемлекетаралық тасымалдарды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының автокөліктік құралдары үшін:

1. Көлік құралдарының ең жоғары біліктік салмағы төменде келтірілген белгілерден

аспауы

тиіс:

1.1. Дара білік үшін:

- Жетектегі - 8,0 т
- қос шиыршықты доңғалақты жетекші - 8,0 т

1.2. Қосарланған біліктер, қос шиыршықты доңғалақты тіркемелер немесе жартылай тіркемелер үшін біліктік салмақтардың жиынтығы біліктер арасындағы мына арақашықтықтар тұсында төмендегі салмақтардан аспауы тиіс:

- 0,5 м-ден артық, бірақ 1 м-ден кем - 12,0 т
- тең немесе 1 м-ден артық, бірақ 1,3 м-ден кем - 13,0 т
- тең немесе 1,3 м-ден артық, бірақ 1,8 м-ден кем - 14,2 т
- тең немесе 1,8 м-ден артық - 14,4 т

Дара шиыршықты доңғалақты тіркемелердің немесе жартылай тіркемелердің қосарлы біліктері үшін біліктік салмақтардың жиынтығы біліктер арасындағы мына арақашықтықтарда төмендегі салмақтардан аспауы тиіс:

- 0,5 м-ден артық бірақ 1 м-ден кем - 11,0 т
- тең немесе 1 м-ден артық, бірақ 1,3 м-ден кем - 12,0 т
- тең немесе 1,3 м-ден артық, бірақ 1,8 м-ден кем - 13,2 т
- тең немесе 1,8 м-ден артық - 13,6 т

1.4. Қос шиыршықты доңғалақты тіркемелер немесе жартылай тіркемелердің үш білікті біліктері үшін біліктік салмақтардың жиынтығы біліктер арасындағы мына арақашықтықтарда төмендегі салмақтардан аспауы тиіс:

- 0,5 м-ден артық бірақ, 1 м-ден кем - 17,4 т
- тең немесе 1 м-ден артық, бірақ 1,3 м-ден кем - 18,4 т
- тең немесе 1,3 м-ден артық, бірақ 1,8 м-ден кем - 21,2 т
- тең немесе 1,3 м-ден артық - 21,9

1.5. Дара шиыршықты доңғалақтар тіркемелер немесе жартылай тіркемелердің үш білікті біліктері үшін біліктер арасындағы мына арақашықтықтар тұсында:

- 0,5 м-ден артық, бірақ 1 м-ден кем - 15,9 т
- тең немесе 1 м-ден артық, бірақ 1,3 м-ден кем - 17,2 т

- тең немесе 1,3 м-ден артық, бірақ
1,8 м-ден кем - 19,7 т
- тең немесе 1,8 м-ден артық - 20,4

1.6. Жүк автомобилінің қосарлы жетекші біліктері немесе қос шиыршықты доңғалақты автобус үшін біліктік салмақтардың жиынтығы біліктер арасындағы мына арақашықтықтар тұсында төмендегі салмақтардан аспауы тиіс:

- 0,5 м-ден артық, бірақ 1 м-ден кем - 12,0 т
- тең немесе 1 м-ден артық, бірақ
1,3 м-ден кем - 14,0 т
- тең немесе 1,3 м-ден артық, бірақ
1,8 м-ден кем - 16,0 т
- тең немесе 1,8 м-ден артық - 18,0 т
- дәл сондай ауа немесе соған баламалы
салпыншаққа бекіту тұсында - 19,0 т

1.7. Жүк автомобильдерінің қосарлы жетекші біліктері немесе дара шиыршықты доңғалақты автобус үшін біліктік салмақ жиынтығы біліктер арасындағы мына арақашықтықтар тұсында төмендегі салмақтардан аспауы тиіс:

- 1 м-ге дейін - 11,0 т
- 1 м-ден 1,3 м-ге дейін - 13,0 т
- 1,3 м-ден 1,8 м-ге дейін - 15,0 т

2. Автомобильдің немесе құрастырылған көлік құралының жетекші білігіне немесе жетекші біліктеріне берілетін салмақ автомобильдің немесе көлік құралының жиынтық салмағының 25%-нан кем болмауы тиіс.